

А.М. Коспаков^{1*} , А. Шайкежанов² , Б.Н. Қылышбаева¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

² Safe-space Almaty, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kospakov.aituar@gmail.com

ҚАЛА АУҚЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗ ЛГБТК+ КЕҢІСТІКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақала қауіпсіздік пен инклюзивтілік призмасы арқылы қалалық қоғамдық кеңістіктерді зерттеуге үлес қосуға, сондай-ақ осы кеңістіктердің сексуалдықты немесе гендерлік сәйкестікті қалыптастыруға және қабылдауға әсері арасындағы байланысты қарастыруға бағытталған. Бұған дейін Қазақстанда осы тақырып аясында зерттеулер жүргізілмеген. Қалаларды дамыту, қаладағы жайлылықты қамтамасыз етуде қауіпсіздік пен инклюзивтік саясатын дамыту маңызды рөл атқарады. Алайда әлеуметтік және институционалдық стигма, кемсітушілік және маргиналданған топтардың көрінбеуі әлеуметтік оқшаулануға әкеледі, бұл кейіннен сол топ мүшелерінің қаланың қоғамдық-саяси өміріне толық қатысуына кедергі келтіреді. Сандық зерттеу негізінде (N = 300, орта жасы = 24.9) қауіпсіздік тұжырымдамасы, қаладағы қоғамдық кеңістіктердің ЛГБТК+ға қатысты инклюзивтілігі қарастырылып, сонымен қатар қауіпсіз кеңістіктерді қалыптастырудың сипаттамалары мен ерекшеліктері зерттелді. Сонымен қатар қалалық кеңістіктердің тұлғаның сексуалдық және гендерлік сәйкестікті қалыптастыру мен қабылдау процесімен байланысы қарастырылды.

Нәтижесінде, қауіпсіз ЛГБТК+ кеңістіктері ЛГБТК+ның әлеуметтік-психологиялық әл-ауқатын және жайлылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратыны, инклюзивті ортада әлеуметтену мүмкіндігін беретін қалалық ортаның бір бөлігі екені айқындалды. Зерттеудің маңыздылығы ұсынылған деректердің қазақстандық әлеуметтануда аз зерттелген, қаладағы қоғамдық кеңістіктердің инклюзивтілігі мен қауіпсіздігі призмасы арқылы сексуалдық және гендерлік сәйкестікті қалыптастыру және қабылдау мәселелерін түсінуге ықпал ететіндігінде. Мақалада қазақстандық контексті ескере отырып, қаланың қоғамдық кеңістігінде қауіпсіздік пен инклюзивтік саясатын кеңейту бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: қауіпсіздік, қоғамдық кеңістік, инклюзивтілік, ЛГБТК+, әл-ауқат, кемсітушілік.

А.М. Kospakov^{1*}, A. Shaikhezhanov², B.N. Kylyshbayeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Safe-space Almaty, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kospakov.aituar@gmail.com

The importance of safe LGBTQ+ spaces citywide

This article aims to contribute to the study of urban public spaces through the lens of safety and inclusiveness, as well as to consider the relationship between the influence of these spaces on the formation and acceptance of sexuality or gender identity, which has not been done before in Kazakhstan. In the development of cities and ensuring comfort, an important role is assigned to the promotion of a policy of security and inclusiveness. However, social, and institutional stigma, discrimination and invisibility of marginalized groups lead to social exclusion, which subsequently prevents these groups from fully participating in the socio-political life of the city. Based on the quantitative study (N = 300, mean age = 24.9), authors considered the concept of safety, the inclusiveness of public spaces in the city in relation to LGBTQ+ and studied the characteristics and features of the formation of safe spaces. Also, authors considered the relationship of urban spaces with the process of formation, acceptance of sexuality and gender identity of a person.

Based on the results of the study, the authors claim that safe LGBTQ+ spaces are part of the urban environment that plays a significant role in ensuring the socio-psychological well-being and comfort of LGBTQ+ people, as well as an opportunity to safely socialize in an inclusive environment. The significance of the research is found in the fact that the data presented contribute to addressing the issues of the formation and implementation of sexuality and gender identity through the prism of the inclusiveness and safety of the city space, which was previously little sought in Kazakhstani sociology.

The article proposes practical recommendations for expanding the policy of safety and inclusiveness in the public spaces of the city, taking into account the kazakh context.

Key words: safety, public space, inclusiveness, LGBTQ+, well-being, discrimination.

А.М. Коспаков^{1*} А. Шайкежанов², Б.Н. Кылышбаева¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Safe-space Almaty, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kospakov.aituar@gmail.com

Значение безопасных ЛГБТК+ пространств в масштабах города

В развитии городов и обеспечении комфорта немаловажная роль отведена продвижению политики безопасности и инклюзивности. Однако, социальная и институциональная стигма, дискриминация и невидимость маргинализированных групп приводит к социальному отчуждению, что впоследствии препятствует этим группам полноценно участвовать в социально-политической жизни города. Данная статья направлена на то, чтобы внести свой вклад в изучении городских общественных пространств через призму безопасности и инклюзивности, а также рассмотрении связи между влиянием этих пространств на формирование и принятие сексуальности или гендерной идентичности. На основе проведенного количественного исследования с использованием онлайн опроса (N=300, средний возраст=24.9), авторами рассмотрена концепция безопасности, инклюзивности общественных пространств города по отношению к ЛГБТК+, а также изучены характеристики и особенности формирования безопасных пространств. Также, рассмотрена взаимосвязь городских пространств с процессом формирования, принятия сексуальности и гендерной идентичности человека.

По результатам исследования авторы делают вывод, что, безопасные ЛГБТК+ пространства являются частью городской среды, которая занимает значительную роль в обеспечении социопсихологического благополучия и комфорта ЛГБТК+ персон, а также как возможность безопасно социализироваться в инклюзивной среде. Значимость исследования заключается в том, что представленные данные вносят вклад в понимание вопросов формирования и принятия сексуальности и гендерной идентичности через призму инклюзивности и безопасности общественных пространств города, что до этого мало изучался в казахстанской социологии. Также, авторами предлагаются практические рекомендации для расширения политики безопасности и инклюзивности в общественных пространствах города с учетом казахстанского контекста.

Ключевые слова: безопасность, общественное пространство, инклюзивность, ЛГБТК+, благополучие, дискриминация.

Кіріспе

Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік – инклюзивті, әділетті қоғамның қалыптасуы мен дамуының айқын бір бөлігі болып табылады. 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы тұрақты дамудың (әрі қарай ТДМ) 17 мақсатын айқындап, оның ішінде ТДМ-нің 11 мақсаты қалалар мен ауыл-аймақтарды қолайлы, қауіпсіз және инклюзивті ортаға айналдыруға бағытталған болса, 16 мақсатта зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою және инклюзивті, бейбіт қоғамның дамуына ықпал ету маңыздылығы атап өтілген (United Nations, 2015). UN Women және оның серіктестерінің бастамасымен соңғы 10 жыл аралығында «Қауіпсіз қалалар мен қауіпсіз қоғамдық орындар» атты қоғамдық орындарда әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, сондай-ақ жайлы және

қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету бойынша кешенді тәсілдерді әзірлеуге және енгізуге бағытталған жаһандық жоба іске асырылуда ЛГБТК+. Мемлекеттер болса, өз немесе қалалық деңгейлерде қауіпсіз орындарды дамыту үшін арнайы бағдарламалар мен стратегияларды жетілдіре бастады. Мысалы, Канаданың Ванкувер қаласы және Аустралияның Мельбурн қаласы (City of Vancouver, n.d.; Inclusive communities and workplaces, n.d.).

Алайда осы бастамалар мен фактілерге қарамай, қазіргі таңда барлық адамдарға қалалардың қоғамдық кеңістіктері қауіпсіз және инклюзивті деп айту қиын. Себебі қоғамның кей әлеуметтік топтары оқшаулау мен кемсітушілікке ұшырауда және соның солдарынан сол топтың адамдары үшін қалалық кеңістіктер қауіпті болып есептеледі.

Сексуалдық және қоғамдық қалалық кеңістіктердің географиясын зерттеушілері құрыл-

ған кеңістіктер гетеронормативті болып табылатынын және бұл кейіннен нормативті емес сексуалдықтың басылуына, ЛГБТК+¹ қаланың негізгі қоғамдық кеңістіктерінен ығыстырылуы мен әлеуметтік шеттетілуіне әкеліп соқтыратынын атап өтті. Соның салдарынан ЛГБТК+ үшін қалалардың саяси, экономикалық немесе әлеуметтік өміріне толық қатысуға шектеу туғызады (Binnie, 1997). Гетеронормативті кімдік (*ағыл. : identity*) және онымен байланысты әлеуметтік нормалар мен күтулердің үстемдігі, ерекшеленетін адамдардың маргинализациясына және қаланың қоғамдық кеңістігінде ЛГБТК+ болуын қатаң реттеуге әкеледі. ЛГБТК+ үшін осы жағдайлардың барлығын ескере отырып, қауіпсіз кеңістікті қалыптастыру қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады.

Қауіпсіз кеңістік концепциясы 1970 жылдардан әйелдер мен ЛГБТ өкілдерінің тең құқықтарға күрес қозғалысынан бастау алады. Бұл термин қауіпсіз кеңістікте өз тәжірибелерімен бөлісе алатын пікірлес адамдарға арналған физикалық кеңістікті белгілеу үшін қолданылды. Жалпы қауіпсіздік термині ЛГБТК+ саясатындағы негізгі термин болып табылады және әртүрлі салаларда (әлеуметтік қызметтерді көрсетуде, саяси ұйымдастыруда) көрініс табады. Мысалы, оларға мәдениет үйлері, медициналық мекемелердегі достық кабинеттері, оқу орындарындағы психологиялық көмек көрсету қызметтері, гей-барлар, клубтар және т.б. орындарды жатқызуға болады.

Зерттеушілер Лоу мен Эвесон (2016) қоғамдық кеңістікке қатысты әділеттіліктің әртүрлі аспектілерін қамтитын әлеуметтік әділетті қоғамдық кеңістік моделін ұсынды және сол модель ішіне қоғамдық кеңістіктердің әділеттілікті бөлумен өзара әрекеттесуі, тану, процессуалдық пен интерактивті әділеттілік, жалпы аумақтар, көмек көрсету және қалпына келтіру кіреді (Setha Low & Kurt Iveson, 2016).

Лоу мен Эвесон ұсынған бағалау жүйесіне сүйене отырып, келесі зерттеушілер тобы Торонто мен Сиднейде орналасқан ЛГБТК+ қауымдастықтарының мысалында, қоғамдық кеңістіктердің мобильдік қабілеті бірдей емес және белгілі бір жағдайларға байланысты көшіп жүруге мәжбүрлі болған ЛГБТК+ тұлғаларының қозғалысына қалай әсер ететінін талдаған. Авторлар мұндай теңсіздік қо-

ғамдық кеңістіктердің қолжетімсіз болуына әкелетінін және қаланың қоғамдық-саяси өміріне толық және әділ қатысудан шеттетілуін білдіру мүмкін екенін атап өтті. Дегенмен ЛГБТК+ үшін қоғамдық кеңістіктегі көріну мен қауіпсіздік, сондай-ақ қаланың әртүрлі бөліктеріндегі ЛГБТК+ орындарының географиялық бөлінуі өзекті болып табылады және белгілі бір алаңдаушылықты тудырады. Осылайша зерттеушілердің пікірінше, қоғамдық кеңістіктердің қолжетімді болуы мен қозғалысқа қатысты әділдік тұжырымдамасы әлеуметтік айырмашылықтармен байланысты және қоғамдық кеңістікте әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету үшін ЛГБТК+тың нақты жағдайларын ескеру қажет деген қорытындыға келіп отыр (Nash et al., 2019).

ЛГБТК+ және куир дискурс контексінде қауіпсіз кеңістік – бұл сексизм, қауымдастыққа бағытталған фобия мен зорлық-зомбылығы жоқ кеңістік болып табылады. Одан бөлек бұндай кеңістіктер келушілердің физикалық, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік қауіпсіздік сезіміне ықпал етіп, кейіннен қаланың қоғамдық орындарында инклюзивтік пен әртүрлілік дискурсын жаңғыртуға өз әсерін тигізеді. Сондай кеңістіктердің қалыптасуында және қауіпсіз кеңістіктерді құру мен іске асыру барысында қандай қиындықтар туындайтынын Хартал (Hartal, 2017) қарастырған болатын. Автор фрейм құру теориясын пайдалана отырып, Иерусалим қаласында орналасқан ЛГБТК+ қоғамдық кеңістіктерін зерттеу барысында, қауіпсіз кеңістіктің бес түрлі критерийлерін анықтады. Оның ішінде, қауіпсіздік бойынша кеңістікті нығайту, анонимдікті сақтау, инклюзивтік, сәйкестігі бар басқа топтар үшін кеңістікті бөлу және күтпеген жағдайларды бақылау атты фреймдер мен олардың¹ салыстырмалы ерекшеліктері көрсетілген (1-кесте). Сонымен бірге Хартал фреймдерге сүйене отырып, қауіпсіз куир кеңістігін қалыптастырудың ерекшеліктері қандай екенін және бұл кеңістіктер сексуалды бағдарды немесе гендерлік кімдікті қалай құрайтынын көрсетті.

¹ЛГБТК+ – лесбиан, гей, бисексуал, трансгендер, куир және т.б. деп анықтайтын адамдарға сілтеме жасау үшін қолданылатын аббревиатура.

1-кесте – ЛГБТ қауіпсіз кеңістігінің фрейминг үдерісінің элементтері

Фрейм	Саясат және тәжірибе	Негізгі пайымдау	Қатысты салдарлар
Нығайту	кеңістікті физикалық түрде қорғау	баспана немесе пана алу құқығы	зорлық-зомбылық қорқынышы
Анонимдік	сұрақтар қойылмайтын кеңістік құру	жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы	стигма және ұят қорқынышы
Инклюзивтік	қарым-қатынастың келісілген ережелері мен нұсқаулары	қадір-қасиетке және жеке өмірге қол сұқпаушылық құқық, объективациясыз	зорлық-зомбылық, стигма мен ұят қорқынышы, тиесілікті қалыптастыру
Бөліну	әлеуметтік шекараларды пайдалана отырып, топтың уақытша кеңістігін бөлу	мәдени өмір сүру құқығы, сөз бостандығы	символдық зорлық-зомбылық қорқынышы
Бақылау	кеңістікті жабу арқылы айқын шекараларды жасау	жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы, сөз бостандығы	стигма және ұят қорқынышы

Дегенмен Паскар мен т.б. (2022) маргинальданған топтар үшін қауіпсіз қиыр кеңістіктерді қалыптастыру және пайдалану «әрқашан бұл кеңістік қайда орналасқан және ол кімге арналғаны сияқты көптеген нақты аспектілерді ескеруі керек» деп, сондай-ақ гендерлік кімдіктері әртүрлі топтар жалпы қауіпсіздікті өздері үшін қалай түсінетінін және анықтайтынын атап өткен болатын. Сонымен қатар қауіпсіздік контекстінде көптеген факторлардың әсерін, мысалы, мемлекет ішіндегі қоғамдық-саяси жағдай, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инклюзивті қоғамдық кеңістіктер құрудағы мемлекеттік қолдау, қоғамда сексуалдық және гендерлік әртүрлілікті қабылдау деңгейі және т.б. ескерген жөн. Бұған қоса авторлар жеке немесе топтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, келушілер мен қауіпсіз қиыр кеңістіктерінің негізін қалаушыларынан «көз жазбай назар аударуды» талап ететінін атап өтеді (Pascars et al., 2022).

Қазақстандық заңнама, әлеуметтік стигма және психологиялық жайлылық

Қазақстанның ресми құжаттарын талдауы қауіпсіздік терминнің кең мағынасында, әділетті қазақ қоғамын құрудағы басты бағдарларының бірі екенін көрсетті. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында игіліктер мен әлеуметтік қамсыздандыруға қолжетімділікті, сондай-ақ мемлекет азаматтары арасында ортақ құндылықтар мен мәдениетті қалыптастыру арқылы әділетті қоғам құру маңыздылығына көңіл бөлінген. Мысалы, тілге

байланысты кемсітушілікті жою, ұлтаралық және конфессияаралық бірлікті қалыптастыру, «Қазақстанды бірегей ұлттық мәдениеті бар ел, бейбітшілік, келісім, ізгілік, толеранттылық аумағы ретінде халықаралық аренада ілгерілету» (Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 2022 ж.).

Қала мен оның қоғамдық ортасын дамыту белгілі бір уақыт кезеңіне қабылданған дамыту стратегиялары немесе бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, Астана қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында халықтың барлық топтары, соның ішінде бизнес қауымдастығы үшін «жайлы және қонақжай қалалық ортаны» құру басты бағыттардың бірі болып табылады. Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларында, жайлы қалалық орта, қауіпсіздік және инклюзивтік мегаполисті дамыту мен халықаралық деңгейдегі жайлы және қауіпсіз қалаға өзгерту негізгі мақсаттары болып көрсетілген (Астана қаласының Даму стратегиясы, 2019; Алматы қаласының дамыту бағдарламасы, 2022).

Дегенмен инклюзия принципі қаланың қоғамдық-саяси өміріне барлық азаматтарды қандай да бір негіздер бойынша кемсітусіз тартуды көздейтін болса, онда жоғарыда атап өтілген Президенттің іс-әрекет жоспарында, стратегия мен қаланы дамыту бағдарламасында басты назар мүмкіндігі шектеулі адамдар мен тұрғындардың қозғалысы шектеулі топтарға назар аударғандығы көрсетілген. Бірақ бұл инклюзия түсінігін шектеп, оның саясатына мұқтаж басқа топ адамдарын әсіресе ЛГБТК+ қатысу көлемін айтарлықтай азайтады.

Қазақстанда ЛГБТК+ қауымдастығының орналасқан контекстін түсіну үшін заңнамалық нормалар, әлеуметтік және ішкі (өзіне бағытталған) стигма мәселелерін қарастыру маңызды. Қазақстанда ЛГБТК+ны қылмыстық жауапкершілікке тартатын немесе тыйым салатын заңдық норма жоқ, алайда кемсітушілік болып табылатын бірқатар заң нормалары бар. Мысалы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) деп тек ер мен әйелдің арасындағы тең одақ танылып, бір жыныстағы адамдардың некеге тұруына тыйым салынады (ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, 2011). Сонымен қатар ЛГБТК+ қауымдастығының мүшелеріне балаларды асырап алуға тікелей тыйым салынған (ҚР Үкіметінің қаулысы, 2012).

Трансгендерлік ауысу «Гендерлік сәйкестендіру бұзылыстары бар адамдарды медициналық тексеруден өткізу және жынысын ауыстыру ережелерімен» реттеледі. Бұл ережелер трансгендерлі тұлғаларды өзгертілген құжаттарды алу үшін жыныс мүшелерін түзету отасынан өтуге міндеттеп, тікелей стигматизация мен кемсітушілікке әкеледі. Сондай-ақ трансгендерлерді іс-жүзінде зарарсыздандырады. «Жынысы өзгергеннен кейін Комиссия адамның әлеуметтік (төлқұжаттық) жынысын өзгерту мүмкіндігі туралы қорытынды шығарады» (Психикалық денсаулық саласындағы медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы, 2020).

Бұл нормалар ЛГБТК+ қауымдастығының өкілдеріне бағытталған кемсіту ғана емес, сонымен бірге стигматизациялау көзқарасын қалыптастырады. 1997 жылдан бастап «гомосексуализм» үшін қылмыстық қудалау құқықтық нормалардан алынып, тоқтатылған болатын. Алайда әлі де ЛГБТК+ларға бағытталған қоғам ішіндегі әлеуметтік стигма жоғары деңгейде сақталып келеді. Уақыт өте келе, мұндай стигма тіпті қауымдастық өкілдері үшін де нормаға айналып, адамның әлеуметтенуіне және психикалық денсаулығына қосымша қысым жасай отырып, тұлғаның ішіне (интернализация) бағытталады. А. Сексенбаевтың Қазақстандағы гейлер мен бисексуалдардың психикалық денсаулығы мен өзін-өзі қол жұмсауын зерттеуге арналған жұмысында стигманың салдарын талдайды. Қатысушылардың 55,4% өзіне-өзі қол жұмсау қаупі тобына жатқызылды, мұнда қатысушылардың жартысына жуығы депрессияның қандай да бір түрімен және 35%

жеңіл немесе ауыр мазасыздық болды. Депрессия және алаңдаушылық деңгейі параметрлері бойынша, өзін-өзі бисексуал ретінде анықтаумен салыстырғанда, гейлер топтары арасында суицид жасау ықтималдығы орта есеппен 75%-ға артып отыр (Сексенбаев, 2018).

Әлемдік құндылықтарды зерттеудің (әрі қарай WVS) 6-шы және 7-ші толқынынан деректер жинау кезінде қоғам тарапынан ЛГБТК+ қатысты стигма қатысушылар арасынан анықталып және сол сауалнамаға қатысқандардың 73,6% (2011) және 73,4% (2018) гомосексуал сәйкестіктегі адамдармен көршілес болуға қарсы екендерін көрсеткен (World Values Survey, n.d.).

Сондай-ақ, медицина қызметкерлері тарапынан ЛГБТК+ларға деген менсінбеушілік, кемсітушілік қатынасы анықталды және бұл кейіннен респонденттердің сексуалды бағдары мен гендерлік кімдігін жасыруға алып келген (Сорос қоры, 2009: 108). Тағы бір зерттеуде Қазақстанда ерлермен жыныстық қатынасқа түсетін ерлердің (әрі қарай MSM) жалпы ұлттық есебі жүргізіліп, адамның иммун тапшылығы вирусына тестілеу кезінде MSM тобы тап болатын әлеуметтік және құрылымдық кедергілері анықталды (Wu et. al., 2017).

А. Пушилиннің баяндамасында стигматизация мен гомофобияның жоғары деңгейіне байланысты ЛГБТК+ өкілдері сексуалды бағдар мен гендерлік кімдік (әрі қарай СБГК) негізінде кемсітушілік пен зорлық-зомбылық жағдайларына тап болатыны атап өтілген. Алайда жәбірленушілердің көпшілігі құқық қорғау органдарына немесе сотқа жүгінбегенімен, өтініш білдіргендерге тиісті көмек көрсетілмей, полиция мен медицина қызметкерлері тарапынан қосымша кемсітушілікке ұшыраған (Пушилин, 2016:23).

«Феминита» қазақстандық феминистік бастамасының есебіне сәйкес сауалнамаға қатысқандардың 44,3% СБГК негізінде зорлық-зомбылық немесе теріс көзқарас тәжірибесі бар екенін және 2% құқық қорғау органдары тарапынан заңсыз ұстау тәжірибесі бар болғаны туралы мәлімдеген (Феминита, 2017).

Қазақстанда жоғарыда аталған критерийлерге сәйкес келетін қауіпсіз ЛГБТК+ кеңістіктері іс жүзінде жоқ деп айтуға болады. Мысалы, ЖИТС-пен күресу және алдын алу орталықтары сияқты мемлекеттік мекемелерде достық кабинеттері бар, бірақ сондай достық кабинеттерде ЛГБТК+ларға қатысты белгілі бір

дәрежеде әлеуметтік стигма бар екенін түсіну маңызды (АИТВ-мен өмір сүретін адамдар стигма индексі, 2022).

Куир қауымы үшін қауіпсіз кеңістіктердің жақсы нұсқалары ретінде арнайы клубтар, барлар және сауналар сияқты, қауымдастыққа бағытталған бизнес болып табылады. Дегенмен, олардың көпшілігі қауіпсіз кеңістік концепциясына толық сәйкес келмейді немесе оның шарттарын орындауды мақсат ретінде қоймайды. Осылайша қауіпсіздік пен инклюзивтікті кеңірек түсіну сұранысын арттырып отыр.

Бұл зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасында бұрын-соңды зерттелмеген қауіпсіз куир кеңістіктерінің міндеттерін, функцияларын және келушілер тарапынан күтілетін нәтижелерін сипаттауы көрсетілген.

Әдістер

Зерттеу 2022 жылдың желтоқсан мен 2023 жылдың ақпан айлары аралығында Астана, Алматы қалаларында электронды сауалнама көмегімен сандық деректерді жинақтауға бағытталған. Сауалнама қазақ және орыс тілдерінде құрастырылды. Оған қоса аударманың дәлдігі мен зерттеу ұғымдарын сақтау мақсатында қазақстандық контексті ескере отырып, қатар аударма әдісі қолданылды, мұнда өлшемдер мен шкалалар ағылшын тілінен қазақ және орыс тілдеріне және керісінше аударылды (Brislin, 1986).

Сауалнама алты түрлі бөлімнен тұратын 37 сұрақ пен мәлімдемені қамтиды. Сауалнаманың бірінші бөлімі инклюзивтікті және/немесе қауіпсіздікті бұзумен бетпе-бет келген кезде респонденттердің жеке тәжірибесін және жақын ортасының тәжірибесін, сондай-ақ сол бұзушылықтарға қатысты қандай шешімдер қабылдағанын зерттеуге бағытталған. Келесі екі бөлім күйзеліс, кемсітушілік формаларын және ЛГБТК+ қауымдастығына бағытталған фобияны іштей өлшеуге арналған мәлімдемелерді қамтиды. Сондай-ақ, сауалнамаға респонденттердің қауіпсіз кеңістіктерге әсер ету дәрежесін, бару мақсаты мен жиілігін анықтау үшін сұрақтар енгізілді. Сауалнаманың бесінші бөлімі әлеуметтік және психологиялық әл-ауқатты өлшеуге бағытталған. Сауалнаманың соңғы бөлімінде гендерлік сәйкестік, сексуалдық бағдар, жас, этнос, діндарлық дәрежесі, білім деңгейі, жұмыс орны, қаржылық жағдай сияқты әлеуметтік-демографиялық деректерді өлшеуге

арналған сұрақтар қамтылған. Гендерлік стереотиптердің ықпалын болдырмас үшін сауалнаманың орыс тіліндегі тұжырымдамалары тілдің гендерлік бейтараптығын (инклюзивтілігі) ескере отырып құрастырылды (Wasserman & Weseley, 2009; Sarassin et al., 2012).

Этикалық принциптер. Онлайн сауалнама әлеуметтану ғылымының этикалық кодексінің талаптарына сәйкес әзірленді (International Sociological Association, 2001; American Sociological Association, 2018). Респонденттерге зерттеу және оның мақсаттары туралы қысқаша түсініктеме берілді. Деректерді жинау үшін *OneClickSurvey* (<https://www.1ka.si/>) онлайн платформасы таңдалды. Сауалнама жайлы ақпарат Instagram, Facebook әлеуметтік желілеріндегі және Telegram мессенджеріндегі әртүрлі ЛГБТК+ және достас (френдли) топтары арқылы таратылды. Онда әрбір адамға сауалнамаға өз еркімен қатыса алатын мүмкіндігі берілді. Барлық респонденттер сауалнамада ұсынылған жауаптардың бірін таңдау арқылы зерттеуге қатысуға келісімін білдірді. Деректерді жинау әдісі толығымен анонимді болды және қатысушылардың аты-жөні, ұялы телефон нөмірі немесе электрондық пошта сияқты жеке идентификаторлары жиналмады. Респонденттерге зерттеуге қатысқаны үшін ақшалай немесе басқа сыйақы қарастырылған жоқ. Респонденттерге қазақ немесе орыс тілдерінде сауалнаманы толтыру үшін қалаған тілін таңдау мүмкіндігі берілді.

Қатысушылар. Сауалнамаға жалпы 300 адам қатысты, оның ішінде, әйелдер – 41%, ерлер – 37,3%, бинарлы емес тұлғалар – 13,8% және трансгендерлер – 2,8%, ал респонденттердің 2,8% гендерлік сәйкестігін белгілеуден бас тартты, ал қалған 2,3% өз жауаптарын ұсынды, оның ішінде гендерфлюидті, гендерлік ауысу үдерісіндегі адам және кез келген есімді қолданатын тұлға енді. Зерттеуге қатысушылардың орташа жасы $M_{\text{жас}} = 24.9$, $SD_{\text{жас}} = 5.94$ болды. Сексуалды бағдар бойынша гомосексуалдар – 28,6%, бисексуалдар – 25,8%, лесбияндар – 14,7%, пансексуалдар – 13,8%, куир тұлғалар – 6,9%, гетеросексуалдар – 5,1%, асексуалдар – 2,3% және респонденттердің 2,8%-ы сексуалды бағдардың өз нұсқасын көрсетті.

Этнос бойынша зерттеуге қатысушылардың көпшілігі қазақтар – 47%, орыстар – 29,5%, ал басқа этностардың үлесі 23,5% құрады және оның ішіне украиндықтар, ұйғырлар, метистер және т.б. этнос өкілдері кірді.

Онлайн-сауалнамаға қатысуға қолайлы тіл бойынша респонденттердің басым бөлігі – 93,3% орыс тілін таңдаса, қалған 6,7% қазақ тілінде жауап бергендердің үлесін құрады.

Діни дәрежесі бойынша респонденттердің 59,4% мүлдем діндар емес, 28,6% аса діндар емес, ал қалған 12% діндар екендерін атап өтті. Сауалнамаға қатысушылардың арасында басқа адамдармен салыстырғанда өздерін қаржылық жағынан қаншалықты қауіпсіз сезіну белгісі бағаланды. Нәтижелерге келсек, респонденттердің 41,9% қаржылық жағынан қауіпті сезім бар екенін, ал енді бір бөлігі (41,9%) басқалардың жағдайларымен бірге сияқты сезінетінін белгілеген. Респонденттердің тек біршама тобы (16,1%) ғана қаржылық жағынан қауіпсіз сезінеді екен.

Нәтижелер мен талқылаулар


1) Қалалық кеңістіктердегі қауіпсіздік пен инклюзивтілік

Зерттеудің осы бөлігінде біз инклюзивтік ұстанымынан респонденттердің және олардың жақын ортасының қала мен қалалық кеңістікті қабылдауы қарастырылды. Мәселен, респонденттердің 40,3% үшін қала мен қалалық кеңістіктер ішінара инклюзивті, ал жақын

адамдарына 35% құрайды. Бұл ретте қала мен қалалық кеңістікті инклюзивті деп бағалайтын қатысушылардың үлесі 31%, ал жақын ортасы үшін 38,7% болды. Дегенмен қатысушылардың 25%-дан астамы қала мен қала кеңістігі жеткіліксіз немесе мүлдем инклюзивті емес деп атап өтті.

Сондай-ақ, қауіпсіз кеңістіктерге бару жиілігі қоршаған ортаның инклюзивтігін жалпы қабылдауға әсер ете ме деген сұраққа қызығушылық таныттық. Нәтижелерге сәйкес қауіпсіз кеңістіктерге айына бірнеше рет және одан да жиі баратын респонденттер қала мен қалалық кеңістіктерді инклюзивті деп бағалады, ал қауіпсіз кеңістіктерге жылына бір рет немесе одан азырақ баратын топ үшін қалалық кеңістіктер инклюзивті емес екенін көрсетті. Қауіпсіз кеңістіктердің болуы адамның осы кеңістіктерден тыс жерде де қауіпсіздік пен жайлылық сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп есептейміз.


Зерттеуге қатысушылардың пікірінше, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін келесі топтар мен қауымдастықтарға қосымша жағдайлар жасалуы қажет. Төмендегі 1-суретте әртүрлі қауымдастықтар мен топтар үшін деректер берілген.



1-сурет – Қосымша қауіпсіздікті қажет ететін қауымдастықтар мен топтар (N=300; %)

Қалалық кеңістікте қауіпсіз және инклюзия саясатын қамтамасыз ету үшін белгілі бір шарттар қажет. Талдау нәтижелері бойынша қауіпсіздік пен инклюзия саясатын жүзеге асырудың ең өзекті шарттары ретінде халықтың осал топтарын кемсітуден заңнамалық қорғау және азаматтардың мүдделерін қорғайтын полиция болып табылатыны айқындалды. Со-

нымен қатар шағын және орта бизнес кеңістігін халықтың барлық топтары үшін қауіпсіз орынға айналдыруға ықпал ете алатын қаланың кеңістіктері мен мекемелеріндегі жеке инклюзия саясатының маңыздылығы атап өтілді. 2-суретте респонденттердің қауіпсіздік пен инклюзия саясатын қамтамасыз етудегі қажетті шарттар бойынша талдау нәтижелері берілген.



2-сурет – Қалалық кеңістікте инклюзивтік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарттары (N=300; %)

Алайда жоғарыда аталған шарттарды жеткіліксіз түрде жүзеге асыру қалалық кеңістіктегі қауіпсіздік пен инклюзивтіктің жиі бұзылуына әкеледі. Респонденттердің 37,3% жеке, ал 41,7% жақындары арасында қалалық кеңістікте қауіпсіздік пен инклюзивтікті бұзуын кездестіргенін және бұл әртүрлі формада және көріністерде көрсетілген. Респонденттердің берген жауаптарын саралап, бұзушылықтардың формасына қарай категориялары мен ескерту жиілігі анықталды. Нәтижеге сәйкес қатысушылардың құқықтары мен жеке шекараларын немесе қауіпсіздігін бұзу әрекеттері келесі формада жиі орын алған: гомофобия, оның ішінде гомосексуал еркектерге және жалпы ЛГБТК+ға төзімсіздік таныту; зорлық-зомбылық; алымсақтық; сыртқы кел-

беті үшін кемсіту; харассмент және т.б. атап өтілген. 1-қосымшада құқықтарды, жеке шекараларды және/немесе қауіпсіздікті бұзу категорияларының сипаттамасы толықтай көрсетілген.

Бірақ қалалық кеңістіктегі инклюзия пен қауіпсіздік мәселелерін шешудің түрлі жолдары бар. Олардың қатарында мемлекеттік органдарға ресми үндеу, Egov/e-otinish платформалары арқылы электронды өтініш, әкімшілікке шағым, петициялар құру, сонымен қатар мәселеге назар аудару үшін әлеуметтік желілерді пайдалануды жатқызудың болады. Біздің зерттеу контекстінде сауалнамаға қатысушылар арасында инклюзивтік пен қауіпсіздікті бұзу мәселелерін шешудің ең танымал тәсілдері мыналар болып табылады: инклюзивтік және қауіпсіздік сая-

сатын ұстанатын балама кеңістіктерді іздеу – 38,7%; әлеуметтік желілерде жариялау – 21,4%; әкімшілікке шағым – 10,2%. Инклюзивтік пен қауіпсіздікті бұзудың шешу жолдары ретінде Egov/e-otinish платформаларын және мемлекеттік органдарға ресми өтініш жасаған респонденттердің үлесі сәйкесінше 4,4% және 4% құрады. Сонымен қатар қатысушылардың

18% инклюзивтік пен қауіпсіздікті бұзумен байланысты мәселелерді шешу үшін ешқандай шара қолданбауды жөн көрген.


Инклюзивтік және қауіпсіздік мәселелері шешілген жағдайлардың үлесі, сондай-ақ қабылданған шешімдерге қанағаттану пайызы төмендегі кестеде көрсетілген (2-кестені қараңыз).

2-кесте – Шешілген мәселелер және қабылданған шараларға қанағаттану көрсеткіштері (%)

Қабылданған әрекеттен кейін шешілген мәселелердің % үлесі (N=224)	Қабылданған шараларға қанағаттанушылық (N=156)
1,8% – толықтай шешілді	3,2% – толықтай қанағаттымын
23,7% – жартылай шешілді	20,5% – жартылай қанағаттымын
40,6% – сенімді емеспін	47,4% – жауап беруге киналамын
33,9% – шешілген жоқ	28,8% – қанағаттанбаймын

Зерттеу барысында қалалық кеңістіктегі инклюзивтік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әртүрлі факторлардың маңыздылығын талдауға әрекет жасалынды. Респонденттерге белсенділер қозғалысы, үкімет саясаты, шағын және орта бизнес шешімдері, мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдардың жұмысы, сондай-ақ белгілі бір топтар үшін қауіпсіз кеңістіктердің болуы сияқты факторлардың тізімі ұсынылды. Қатысушылар Лайкерттің 1-ден 7-ге дейінгі, мұнда 1 ең маңызды,

4 орташа және 7 ең маңызды емес шкаласы бойынша сол факторлардың маңыздылығына баға беру сұралды. Талдау нәтижелері бойынша әрбір фактор бойынша орташа мәндер шығарылды, онда респонденттердің пікірінше, белсенділік қозғалысы, мемлекеттік саясат шаралары және қауіпсіз кеңістіктердің болуы қалалық кеңістіктердегі инклюзивтік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ең маңызды болып табылады деп айтуға болады (3-ші суретті қараңыз).



3-сурет – Қалалық кеңістіктегі инклюзивтік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әсер ететін факторлар (N=300, %)

2) ЛГБТК+ бағытталған кемсітушілік және қалалық кеңістіктер

Сауалнаманың екінші блогы респонденттердің жеке зақым тәжірибесін және сексуалды бағдар мен гендерлік кімдік негізіндегі кемсітушілікті, сондай-ақ қандай қалалық кеңістіктер ЛГБТК+ны кемсітетінін зерттеуге бағытталған. Құралдар ретінде бірқатар әлеуметтік-психологиялық шкалалар мен әдістер пайдаланылды.

Осылайша респонденттерге күнделікті өмірдегі жағдайлар туралы 9 мәлімдемені қамтитын күнделікті кемсітушілік шкаласы ұсынылды (Williams, 2016), онда біз респонденттерден жағдайлардың жиілік дәрежесін 1-ден (ешқашан) 6-ға дейін (күн сайын дерлік) алты балдық шкала бойынша бағалауды сұрадық. Шкаланың талдауы сенімділіктің жоғары деңгейін көрсетті (Кронбах $\alpha = .92$), және барлық мәлімдемелер үшін орташа мән $m=2,3$ болды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, барлық қиын жағдайлардың ішінде ең жиі кездесетіні (айына бірнеше рет немесе одан да көп) басқа адам-

дардың ЛГБТК+ға деген менсінбеушілігі, сыпайылығы (25,6%) мен сыйластығы төмен (26%), менмендік (36,6%) көзқарастары. Бұл деректер алдыңғы зерттеулердің нәтижелерін растап отыр (Feminita, 2017; FES Kazakhstan, 2016, 2020; ADC Memorial, 2020).

Сонымен бірге біз зерттеуге қатысушылардың күнделікті кемсітушілікті жеңуге деген когнитивті мінез-құлық әсерін зерттедік. Бұл параметрді өлшеу үшін біз 6 мәлімдемеден тұратын күшейтілген қырағылық шкаласын қолдандық (Williams, 2016), мұнда респонденттер келісу жиілігін 1-ден (ешқашан) 5-ке дейін (өте жиі) бес балдық шкала бойынша бағалады. Шкаланың талдауы сенімділіктің жоғары дәрежесін көрсетті (Кронбах $\alpha = .90$), 6 мәлімдеме үшін орташа мән $m=3,2$ болды. Жалпы алғанда зерттеуге қатысушылардың көпшілігі 2 және 3 тармақтарды қоспағанда, шкаланың барлық тармақтары бойынша жоғары қырағылықтың жеткілікті жоғары дәрежесін көрсетті. 3-кестеде күшейтілген қырағылық шкаласы бойынша салыстырмалы ақпарат берілген.

3-кесте – Жоғары қырағылық шкаласы бойынша респонденттер жауаптарының салыстырмалы сипаттамасы (N=248; %)

Шкала	Жиілік					
	Алдын ала мүмкін кездесетін қиындықтар жайлы ойлайсыз	Үйден шықпас бұрын, сізге тіл тигізіп немесе қорлауы мүмкін екеніне дайындалуға тырысасыз	Сізге дұрыс қызмет көрсету немесе қорламас үшін, өзіңізді неғұрлым мұқият ұстау керек деп ойлайсыз	Нені және қалай айту керектігін мұқият тандайсыз	Айналаңызда не болып жатқанына мұқият назар аударасыз	Сіз белгілі бір жерлерден немесе әлеуметтік жағдайлардан аулақ болуға тырысасыз
Ешқашан	4,2	36,7	18,9	5,3	3,4	5,7
Едәуір сирек	21,2	22,3	17,4	14,8	11,0	9,1
Жиі емес	19,3	20,5	17,8	18,6	14,0	20,1
Едәуір жиі	39,0	14,0	29,5	37,1	42,0	40,2
Өте жиі	16,3	6,4	16,3	24,2	29,5	25,0
Орта мәні (m)	3.42	2.30	3.06	3.61	3.86	3.72

Сонымен қатар біз сексуалды бағдар, гендерлік кімдік және жоғары қырағылық шкаласы арасында $p = 0,01$ және $p = 0,05$ деңгейлерінде статистикалық маңызды қатынасты таптық. Атап айтқанда, корреляциялық талдау нәтижелері адамның гендерлік сәйкестігі мен сексуалдық бағдары қырағылық деңгейіне әсер ететінін көрсетті. Мысалы, өз іс-әрекеттері мен жүріс-тұрысына абайлап қарау, нені және қалай айтуды, онымен қоса қоршаған ортаны мұқият қадағалау.

Сексуалды бағдар немесе гендерлік кімдік негізіндегі кемсітушілік нысандарына қатысты сауалнама кемсіту түрлері бойынша 8 мәлімдемелерді (Zurich Intergroup project, 2016), сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерде адамдар 1-ден (ешқашан) бастап 7-ге дейінгі (өте жиі) жеті балдық шкала бойынша кемсітушілікке ұшырау жиілігін қамтиды. Шкаланың сенімділігі жақсы деңгейді көрсетті (Кронбах $\alpha = .83$), мәлімдемелер үшін орташа көрсеткіш $m=3,14$ болды. Талдау нәтижелері бойынша біз

ЛГБТК+ қатысты әзілдер мен ақымақ сөздер (65%), басқалардың СБГК-сын шалағай /үстірт қабылдауы (61%), сондай-ақ құрылымдық кемсітушілік (36,6%) түріндегі кемсідудің жиі кездесетін түрлерін оның ішінде, тең құқықтар мен мүмкіндіктердің жоқтығы, әділетсіз шектеуді анықтадық. Оған қоса, физикалық зорлық-зомбылық пен әлеуметтік немқұрайлық түріндегі кемсітушілік жиілігі мен шала таныс немесе бейтаныс адамдар арасындағы сексуалды бағдардың ашық көрінісі арасында байланыс орнатылды. Ашық ЛГБТК+ үшін сексуалды бағдарға негізделген басқа адамдарға ашықтық контекстінде физикалық зорлық-зомбылық ықтималдығы жоғары екені байқалады. Сонымен қатар респонденттердің қаладағы қай қоғамдық орындарда СБГК негізінде жиі кемсітілетіні зерттелді. Қолданылған жеті баллдық шкала сенімділіктің жақсы дәрежесін көрсетті (Кронбах $\alpha = .88$) және кеңістіктердің барлық түрлері үшін орташа көрсеткіш $m=2,27$ болды. Нәтижелерге сәйкес, респонденттер білім беру ұйымдарында кемсітушілікке жиі ұшыраған (36,1%). Дегенмен бұл 21 жасқа дейінгі жастар санатына жататын респонденттердің үлес салмағының 30%

құрауы және сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі білім және ғылым саласы өкілдері екенімен байланысты болуы мүмкін.

Алайда қаланың басқа кеңістіктерінде кемсітушілікке ұшыраған қатысушылардың аз санының болуы инклюзивті емес тәсілдің қалыптасқан тәжірибесін және қоғамдағы маргиналды топтар үшін қауіпсіздік сезімі әлсіз екенін көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай, қауіпсіздік пен инклюзивтікке бағытталған қоғамдық кеңістіктердің болуы және дамуы өзекті болып табылады.

3) Қауіпсіз кеңістіктер: сипаттамасы мен ықпал ету дәрежесі


Респонденттер пікірінше қауіпсіз деп саналатын кеңістіктерді тізімдеу сұралды. Осы сұрақ бойынша қатысушылар жауаптарын талдау, кеңістіктерді тақырыптық бағыт бойынша жүйелеуге мүмкіндік берді. Респонденттердің басым бөлігі (48,7%), куир және ЛГБТК+ кеңістіктерін қауіпсіз және инклюзивті екенін дәлелдеген деп атап өтті. 4-кестеде қауіпсіз кеңістік санаттары жайлы толығырақ ақпарат берілген.

4-кесте – Қауіпсіз кеңістіктер категориялары мен ескертулер жиілігі (N=113; %)

Категориялар	Ескертулер жиілігі	%
ЛГБТК+ арнаған комьюнити орталықтары мен қоғамдық қорлар	15	6,47
ЛГБТК + достас кеңістіктер	12	5,17
Мәдени орталықтар	20	8,62
Куир кеңістіктері мен тақырыптық барлар	113	48,71
Сауда орталықтары	10	4,31
Үй	16	6,9
Саябақтар мен көшелер	11	4,74
Гей клубтар	26	11,21
Орналасу орны	9	3,88
Барлығы	232	100 %

Қауіпсіз кеңістік концепциясын түсіну және осы кеңістіктердің сипаттамаларын анықтау үшін респонденттерге 1-ден (ең маңызды) 7-ге дейінгі (ең маңызды емес) шкала бойынша ұсынылған сипаттамалар тізімін басымдық тәртібі негізінде

бағалау ұсынылды. Қатысушылардың басым көпшілігі (60% және одан жоғары) бұл сипаттамалар кеңістікті қауіпсіз орын ретінде анықтауда негізгі болып табылатынын атап өтті. 4-суретте қауіпсіз кеңістіктердің сипаттамалары берілген.



4-сурет – Қауіпсіз кеңістіктердің сипаттамалары (N=226; %)

Қауіпсіз кеңістіктерге бару мақсаттарын талдау әлеуметтену үдерісіне деген нақты сұранысты көрсетті, ол бұрыннан бар байланыстарды сақтау мен нығайтуда, компаниямен уақыт өткізуде және жаңа байланыстар орнатуда, сондай-ақ қауіпсіздік сезімі мен ашық

болу мүмкіндігінде көрінеді. Бұл ретте респонденттердің белгілі бір бөлігі үшін қауіпсіз кеңістіктер серіктес іздеу және көмек, қызметтер алу орны болып табылады. Төмендегі кестеде қауіпсіз кеңістіктерге бару жиілігі бойынша сипаттамалық талдау берілген.

5-кесте – Қауіпсіз кеңістіктерге бару жиілігі (N=226; %)

Шкала	Саны	%
6 – күн сайын дерлік	8	3.5%
5 – кем дегенде аптасына бір рет	28	12.4%
4 – айына бірнеше рет	120	53.1%
3 – жылына бірнеше рет	43	19.0%
2 – жылына бір реттен аз	23	10.2%
1 – ешқашан	4	1.8%
Барлығы	226	100

Респонденттерге қауіпсіз кеңістіктердің жеке және басқа адамдардың сексуалды бағдары мен гендерлік кімдігін қабылдауға және түсінуге әсер ету дәрежесін анықтау үшін 1-ден (олар мүлдем әсер етпеді) 7-ге дейінгі (өте қатты ықпал әсер етті) шкала ұсынылды. Қауіпсіз кеңістіктердің өзінің және басқалардың сексуалдығы мен гендерлік кімдігін түсіну мен қабылдауға әсер ету дәрежесінің орташа көрсеткіштері сәйкесінше 4,71 және 4,92 болды. Бару жиілігі, ашықтық және қауіпсіз кеңістіктердің әсер ету дәрежесі арасында статистикалық маңызы бар байланыс табылған жоқ.

Қауіпсіз кеңістіктердің менталды денсаулыққа әсерін зерттеу мақсатында респонденттерге психологиялық денсаулықтың қысқаша сауалнамасы қолданылды (Keyes, 2002; Осин, Леонтьев, 2020). Респонденттерге 6 баллдық шкала негізінде өткен айда болған түрлі әсерлердің жиілігін бағалау ұсынылды. Талдау нәтижелері бойынша қатысушылардың эмоционалдық, әлеуметтік және психологиялық әл-ауқаттар өлшемі алынды. Мысалы, позитивті эмоцияны білдіретін эмоционалдық әл-ауқаттың (EWB) орташа мәні $m=7.55$, $sd=3.67$, ал әлеуметтік әл-ауқат (SWB) көрсеткіштері оның ішінде қоғамға

деген үлес, қатыстылық пен қауымдастық сезімдері $m=8.83$, $sd=5.19$ және өзін қабылдау, ортаңды басқару, позитивті қарым-қатынас және т.б. білдіретін психологиялық әл-ауқат (PsWB) көрсеткіштері $m=16.1$, $sd=6.94$ болып қалыптасты.

Сонымен қатар корреляциялық талдау нәтижелері қауіпсіз кеңістіктерге бару жиілігі,

қала мен қоғамдық кеңістіктердің қауіпсіздігі/ инклюзивтігі мен әл-ауқат деңгейі араларында статистикалық маңызды байланыс барын көрсетті (6-кесте). Оған қоса, әлемге СБГК негізінде ашық болу мен респонденттердің ЕWB ($r=0.190$, $p=0.01$), SWB ($r=0.200$, $p=0.01$) және PsWB ($r=0.251$, $p=0.001$) әл-ауқаттары араларында тұрақты байланыс бары айқындалды.

6-кесте – Эмоционалдық, әлеуметтік және психологиялық әл-ауқат өлшемінің корреляциялық талдау нәтижесі

		EWB		SWB		PsWB		Инклюзивтілік	Бару жиілігі	Отбасыға АБ	Әлемге АБ	
EWB	Pearson's r	—										
	p-value	—										
SWB	Pearson's r	0.627	***	—								
	p-value	<.001		—								
PsWB	Pearson's r	0.706	***	0.701	***	—						
	p-value	<.001		<.001		—						
Инклюзивтілік	Pearson's r	-0.239	***	-0.220	**	-0.267	***	—				
	p-value	<.001		0.001		<.001		—				
Бару жиілігі	Pearson's r	0.204	**	0.253	***	0.167	*	-0.105	—			
	p-value	0.002		<.001		0.014		0.115	—			
Отбасыға ашық болу	Pearson's r	0.002		0.044		0.118		-0.179	**	0.022	—	
	p-value	0.976		0.521		0.089		0.009		0.751	—	
Әлемге ашық болу	Pearson's r	0.190	**	0.200	**	0.251	***	-0.188	**	0.126	0.410	***
	p-value	0.005		0.003		<.001		0.006		0.065	<.001	—
Ескерту. * $p < .05$, ** $p < .01$, *** $p < .001$												

Қорытынды

Бұл мақалада жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, біз қалалық кеңістік контексіндегі қауіпсіздік концепциясын, сондай-ақ ЛГБТК+ қауымдастығы үшін қауіпсіз кеңістіктердің сипаттамаларын, критерийлерін және келушілердің сол кеңістіктерден не күтетінін зерттедік. Сонымен қатар қауіпсіз кеңістіктердің адамның өзінің және басқа адамдарың СБГК-ін қабылдауы мен түсінуіне әсерін және әл-ауқат қатынасын қарастырдық.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан қалаларының контексіндегі қауіпсіздік және инклюзия саясатына маргиналды топтар, мыса-

лы ЛГБТК+ қауымдастығы енгізілмеген және ол кейіннен ЛГБТК+ тұлғаларының қоғамдық кеңістіктерде көрінуі мен қаланың қоғамдық-саяси өміріне қатысуға кедергіге айналып отыр. Сонымен бірге, ЛГБТК+ үшін қауіпсіз кеңістіктердің негізгі критерийлері анықталып және бұл кеңістіктер инклюзивті ортада әлеуметтену мүмкіндігі ретінде әрекет ететіні айқындалды. Өзінің немесе басқа адамның СБГК-ге қатысты психологиялық әл-ауқат пен инклюзивтік деңгейі арасында шағын байланыс табылды. Сондай-ақ, жалпы қала кеңістігіндегі инклюзивтіліктің қалыптасуына қауіпсіз кеңістіктердің белгілі бір дәрежеде әсері бар екені анықталды.

Үсыныстар ретінде, жергілікті атқарушы органдар мен қала әкімшілігіне инклюзивтілік және кемсітушілікке, оның ішінде СБГК бойынша нөлдік төзімділік саясатын кеңейтуін, сондай-ақ қауіпсіз ЛГБТК+ кеңістіктерін қолдау қажеттілігін ескерген жөн. Әділ, қауіпсіз және инклюзивті қалалық ортаны құру үшін жұмыс істеп тұрған қауіпсіз ЛГБТК+ кеңістіктерінің тәжірибесі мен ерекшеліктерін ескеру де маңызды. Қаланың қоғамдық кеңістігінде инклюзивтілік пен қауіпсіздік саясатын ілгерілету үшін, өздерін қауіпсіз және инклюзивті орын ретінде көрсететін кеңістіктер ЛГБТК+ белсенділерімен, ЛГБТК+ жұмыс жасайтын мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесіп, қоғамдық кеңістіктердің меңгерушілері мен жетекшілеріне оқыту сабақтары мен семинарлар өткізу арқылы, тәжірибе алмасу жұмысын жүзеге асыруға болады.

Дегенмен бұл зерттеудің бірқатар шектеулері бар екенін атап өткен жөн. Мысалы, Қазақстан Республикасында ЛГБТК+ қауымдастығы өкілдерінің ресми статистикасы жоқтығынан, респонденттер snowball әдісі арқылы таңдалды. Іріктеу процесі тек онлайн форматта болғасын, интернетке қол жеткізе алмайтын немесе ЛГБТК+ қауымдастығымен байланыс арнасы жоқ респонденттерге зерттеуге қатысу мүмкіншілігі болмады.

Осыған байланысты алдағы зерттеулерде сапалық және сандық зерттеулер тұрғысынан қауіпсіздік концепциясын және қалалық кеңістіктердегі қауіпсіздік пен инклюзивтік саясатын, оның ықпалын жан-жақты қарастыру қажет.

АЛҒЫС

Бұл мақала Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры мен Urban Forum Kazakhstan бірлескен «Әділ қала» жобасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы // Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы, 2022. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/ru/o-merah-po-realizacii-predvybornoy-programmy-prezidenta-respubliki-kazahstan-spravedlivyy-kazahstan-dlya-vseh-i-dlya-kazhdogo-seychas-i-navsegda-26102515> (2023 ж. 10 ақпанында алынды).
- Я называю свою партнерку сестрой: Соблюдение прав лесбиянок, бисексуальных и квир-женщин в Казахстане. *Казахстанская феминистская инициатива “Феминита”, 2019.* URL: https://feminita.kz/wp-content/uploads/2019/12/Feminita.-Needs-Assessment-of-LBQ-Women-in-Kazakhstan-rus_cmp.pdf
- Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары // *Алматы қаласының әкімдігі, 2022* [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty/documents/details/344101?lang=kk> (2023 ж. 10 ақпанында алынды)
- ASA Code of Ethics // *American Sociological Association* [Электрондық ресурс]. URL: https://www.asanet.org/sites/default/files/asa_code_of_ethics-june2018.pdf (2023 ж. 10 ақпанында алынды)
- Беляева Е., Жовтис Е., Камалиев М., & Скакунов С. Невидимые и незащищенные: лесбиянки, геи, бисексуалы и трансгендеры в Казахстане. – Алматы: Фонд Сорос – Казахстан, 2009. – 108 с.
- Coming out of Geography: Towards a Queer Epistemology? / J. Binnie // *Environment and Planning D: Society and Space*. — 1997. — Vol. 15. — № 2. — P. 223–237.
- Brislin R. W., Lonner W. J., Berry J. W. *Field methods in cross-cultural research*. – Beverly Hills: SAGE. – 1986.
- City of Vancouver, 2023 ж. [Электрондық ресурс]. URL: <https://vancouver.ca/people-programs/equity-diversity-inclusion.aspx>. (2023 ж. 10 ақпанында алынды).
- Code of Ethics // *International Sociological Association* [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.isa-sociology.org/en/about-isa/code-of-ethics> (10.02.2023)
- Fragile subjectivities: constructing queer safe spaces / G. Hartal // *Social & Cultural Geography*. — 2017. — P. 1–20. DOI: 10.1080/14649365.2017.1335877
- HIV-Untested Men Who Have Sex with Men in South Africa: The Perception of Not Being at Risk and Fear of Being Tested / J.A. Nel, H. Yi, T.G.M. Sandfort E. Rich // *AIDS and Behavior*. — 2013. — Vol. 17. — № S1. — P. 51–59.
- Индекс стигмы людей, живущих с ВИЧ 2.0. Отчет по результатам исследования // Центрально-Азиатская Ассоциация ЛЖВ, 2022 [Электрондық ресурс]. URL: https://caapl.org/wp-content/uploads/2023/01/otchet_indeks-stigmy-lzhv-2.0_kazahstan_2022_fv.pdf (2023 ж. 10 ақпанында алынды)
- Inclusive communities and workplaces, 2023 [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.vic.gov.au/inclusive-communities-workplaces>
- Краткие русскоязычные шкалы диагностики субъективного благополучия: психометрические характеристики и сравнительный анализ / Е.Н. Осин, Д.А. Леонтьев // *The monitoring of public opinion economic&social changes*. — 2020. — № 1. Doi.org/10.14515/monitoring.2020.1.06.
- Mental health and suicidality among gay and bisexual men in Kazakhstan. A prevalence study. Master of Public Health Thesis Project / A. Seksenbayev. NU School of medicine. – Astana, 2018. – 40 p.

Nash C. J., Maguire H., & Gorman-Murray A. LGBTQ communities, public space and urban movement : towards mobility justice in the contemporary city. In N. Cook & D. Butz (Eds.). *Mobilities, Mobility Justice and Social Justice*, 2019. – P. 188-200. Doi.org/10.4324/9780815377047

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы // Қазақстан Республикасының.- 2011. – № 518-IV Кодексі [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518> (2023 ж. 10 ақпанында алынды).

Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана) қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының жобасы // Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты, 2019 [Электрондық ресурс]. URL: <https://maslihat01.kz/ru/news/strategiya-razvitiya-2050> (2023 ж. 10 ақпанында алынды).

Об утверждении Правил передачи детей, являющихся гражданами Республики Казахстан, на усыновление // Постановление Правительства Республики Казахстан № 380, 2012. ¿Qué? Quoi? Do Languages with Grammatical Gender Promote Sexist Attitudes? / B.D. Wasserman, A.J. Weseley // *Sex Roles*. — 2009. — Vol. 61. — № 9–10. — P. 634–643. <https://doi.org/10.1007/s11199-009-9696-3>

Queer Safe Spaces and Communication / L. Pascar, Y. David, G. Hartal, B.W. Epstein // *Oxford Research Encyclopedia of Communication*, Oxford University Press, 2022.

Propositions for more just urban public spaces / S. Low, K. Iveson // *City*. — 2016. — Vol. 20. — № 1. — P. 10–31. DOI: 10.1080/13604813.2015.1128679

Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы: 4 қосымша. // Денсаулық сақтау министрлігінің № 203/2020 бұйрығы, 2020 [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021680> (2023 ж. 10 ақпанында алынды).

Пушилин А. Стигматизация ЛГБТК-сообщества на приеме взаимодействия с правоохранительными органами в Республике Казахстан. – Алматы: Фонд Сорос – Казахстан, 2016. – 23 с. [Электрондық ресурс]. URL: https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/Stigmatization_of_LGBTIK_community.pdf

Safe Cities and Safe Public Spaces for Women and Girls Global Flagship Initiative: International Compendium of Practices // *UN Women*. – NY, 2019.

Sarrasin O., Gabriel U., Gygax P. Sexism and Attitudes Toward Gender-Neutral Language: The Case of English, French, and German // *Swiss Journal of Psychology*. – 2012. – Vol. 71. – № 3. – P. 113-124.

The Mental Health Continuum: From Languishing to Flourishing in Life / C.L.M. Keyes // *Journal of Health and Social Behavior*. — 2002. — Т. 43. — № 2. — С. 207. <https://doi.org/10.2307/3090197> Transforming Our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development // United Nations. – NY, 2015.

[Электрондық ресурс]. URL: <https://sdgs.un.org/publications/transforming-our-world-2030-agenda-sustainable-development-17981>

Understanding associations among race, socioeconomic status, and health: Patterns and prospects / D.R. Williams, N. Priest, N.B. Anderson // *Health Psychology*. — 2016. — Vol. 35. — № 4. — P. 407–411.

World Values Survey Wave 6–7: 2010 – 2020 // *World Values Survey* [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.worldvalues-survey.org/WVOnline.jsp> (2023 ж. 10 ақпанында алынды) Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a sociological survey.

– Алматы: Friedrich Ebert Foundation Kazakhstan, 2016. – 258 p. [Электрондық ресурс]. URL: <https://library.fes.de/pdf-files/bueeros/kasachstan/13343.pdf> Ценности казахстанского общества в социологическом измерении. – Алматы: Фонд Фридриха Эберта Казахстан, Издательство «ТОО «DELUXE Printery», 2019. – 140 с. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gcedclearinghouse.org/sites/default/files/resources/200125rus.pdf>

Zurich Intergroup Project – Measures / T. Hässler, J. Ullrich, S. Sebben, H.P. Selvanathan, L. Tropp. — 2022. Doi.org/10.17605/OSF.IO/UV7AQ

References

Akimat of Almaty city (2022) Almaty qalasyynyn 2025 zhylyga dejingi damu bagdarlamasy zhane 2030 zhylyga dejingi orta merzimdi perspektivalary [Almaty City Development Program until 2025 and medium-term prospects until 2030]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty/documents/details/344101?lang=kk>

American Sociological Association (2018) *ASA Code of*

Ethics. https://www.asanet.org/sites/default/files/asa_code_of_ethics-june2018.pdf

Belyaeva E., Zhovtis E., Kamaliev M., & Skakunov S. (2009) Nevidimye i nezashhishhenny: lesbijanki, gei, biseksualy i transgendery v Kazahstane [Invisible and unprotected: lesbian, gay, bisexual and transgender people in Kazakhstan]. Soros Foundation – Kazakhstan, 108 p.

Binnie J. (1997) *Coming out of geography: Towards a queer epistemology?* Environment and Planning D: Society and Space, no 15, pp. 223–237.

Brislin R. W. (1986) The Wording and Translation of Research Instruments. In W. L. Lonner, & J. W. Berry (Eds.).

Cross-Cultural Research and Methodology Series, vol. 8. Field Methods in Cross-Cultural Research, pp. 137-164. Thousand Oaks, CA: Sage Publications.

Central Asian Association of PLHIV (2022). Indeks stigmaty ljudej, zhivushhih s VICH 2.0. Otchet po rezul'tatam

issledovaniy [Stigma index of people living with HIV 2.0. Research report] https://caapl.org/wp-content/uploads/2023/01/otchet_indeks-stigmaty-lzhv-2.0_kazahstan_2022_fv.pdf City of Vancouver, Retrieved 15 Jan. 2023, from <https://vancouver.ca/people-programs/equity-diversity-inclusion.aspx>.

Corey L. M. Keyes. (2002) The Mental Health Continuum: From Languishing to Flourishing in Life. *Journal of Health and Social Behavior*, no 43(2), pp. 207–222. Doi.org/10.2307/3090197

- Decree of the President of the Republic of Kazakhstan (2022) O merah po realizacii predvybornoj programmy Prezidenta Respubliki Kazahstan «Spravedlivyj Kazahstan – dlja vseh i dlja kazhdogo. Sejchas i navsegda» [On measures to implement the pre-election program of the President of the Republic of Kazakhstan «Fair Kazakhstan – for all and for everyone. Now and Forever»] <https://www.akorda.kz/ru/o-merah-po-realizacii-predvybornoy-programmy-prezidenta-respubliki-kazahstan-spravedlivyy-kazahstan-dlya-vseh-i-dlya-kazhdogo-seychas-i-navsegda-26102515>
- Friedrich Ebert Stiftung Kazakhstan (2020) Cennosti kazahstanskogo obshhestva v sociologicheskom izmerenii [Values of Kazakhstani society in the sociological dimension]. *DELUXE Printery*. <https://www.gcedclearinghouse.org/sites/default/files/resources/200125rus.pdf>
- Friedrich Ebert Foundation Kazakhstan, & Hurrelmann, K. (2016) *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on sociological survey*. <https://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/13343.pdf>
- Gilly Hartal (2017) *Fragile subjectivities: constructing queer safe spaces*. *Social & Cultural Geography*. DOI: 10.1080/14649365.2017.1335877
- Hässler T., Ullrich J., Sebben S., Selvanathan H. P., & Tropp L. (2021) Zurich Intergroup Project – Measures. [Doi.org/10.17605/OSF.IO/UV7AQ](https://doi.org/10.17605/OSF.IO/UV7AQ)
- Inclusive communities and workplaces, Retrieved 15 Jan. 2023, from <https://www.vic.gov.au/inclusive-communities-workplaces>
- International Sociological Association (2001). *Code of Ethics*. <https://www.isa-sociology.org/en/about-isa/code-of-ethics>
- Kazakhstan Feminist Initiative “Feminita.” (2019) “Ja nazyvaju svoju partnerku sestroj.” Sobljudenie prav lesbijanok, biseksual’nyh i kvir-zhenshhin v Kazahstane [“I call my partner a sister.” Respect for the rights of lesbian, bisexual and queer women in Kazakhstan]. https://feminita.kz/wp-content/uploads/2019/12/Feminita.-Needs-Assessment-of-LBQ-Women-in-Kazakhstan-rus_cmp.pdf
- Maslikhat of Nur-Sultan city (2019) Proekt Strategii razvitiya g. Nur-Sultana (nyne Astana) do 2050 goda [Development Strategy of Nur-Sultan city (now Astana) until 2050 (draft)]. <https://maslihat01.kz/ru/news/strategiya-razvitiya-2050>
- Nash C. J., Maguire H., & Gorman-Murray A. (2019) LGBTQ communities, public space and urban movement :towards mobility justice in the contemporary city. In N. Cook & D. Butz (Eds.). *Mobilities, Mobility Justice and Social Justice*, pp. 188-200. [Doi.org/10.4324/9780815377047](https://doi.org/10.4324/9780815377047)
- Nel J. A., Yi H., Sandfort T. G., & Rich E. (2013). HIV-untested men who have sex with men in South Africa: the perception of not being at risk and fear of being tested. *AIDS and Behavior*, no 17, pp.51-59.
- Osin E. N., Leontiev D. A. (2020) Brief Russian Language Instruments to Measure Subjective WellBeing: Psychometric Properties and Comparative Analysis. *Monitoring of Public Opinion: Economic and Social Changes*, no 1, pp. 117—142. [Doi.org/10.14515/monitoring.2020.1.06](https://doi.org/10.14515/monitoring.2020.1.06)
- Order of the Minister of Health of the RK (2020) O nekotoryh voprosah okazaniya mediko-social'noj pomoshhi v oblasti psihicheskogo zdorov'ja: Prilozhenie 4 [On some issues of providing medical and social care in the field of mental health], no 203/2020. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021680> (accessed Feb. 10th, 2023)
- Pascal L., David Y., Hartal G., & Epstein B. Queer Safe Spaces and Communication. *Oxford Research Encyclopedia of Communication*. Retrieved 20 Jan. 2023, from <https://oxfordre.com/communication/view/10.1093/acrefore/9780190228613.001.0001/acrefore-9780190228613-e-1197>
- Pushilin A. (2016) Stigmatizacija LGBTIK-soobshhestva na primere vzaimodejstviya s pravoohranitel'nymi organami v Respublike Kazahstan [Stigmatization of the LGBTIQ community on the example of interaction with law enforcement agencies in the Republic of Kazakhstan]. https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/Stigmatization_of_LGBTIQ_community.pdf
- Sarrasin O., Gabriel U., & Gyax P. (2012) Sexism and attitudes toward gender-neutral language. *Swiss Journal of Psychology*. [Doi.org/10.1024/1421-0185/a000078](https://doi.org/10.1024/1421-0185/a000078)
- Seksenbayev A. (2018) Mental health and suicidality among gay and bisexual men in Kazakhstan. A prevalence study. NU School of medicine. Astana, 2018. – 40 p.
- Setha Low & Kurt Iveson (2016) Propositions for more just urban public spaces. *City*, no 20:1, pp.10-31.DOI: 10.1080/13604813.2015.1128679
- The Code of the Republic of Kazakhstan (2011) O brake (supruzhestve) i sem'e [On marriage (matrimony) and the family], no 518-IV. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518> (accessed Feb. 10th, 2023)
- United Nations (UN) (2015) Transforming Our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development. United Nations. New York. Available at <https://sdgs.un.org/publications/transforming-our-world-2030-agenda-sustainable-development-17981>.
- UN Women (2019) Safe Cities and Safe Public Spaces for Women and Girls Global Flagship Initiative: International Compendium of Practices. New York: UN Women.
- Wasserman B. D., & Weseley A. J. (2009) ¿ Qué? Quoi? Do languages with grammatical gender promote sexist attitudes? *Sex Roles*, no 61(9), pp. 634-643. [Doi.org/10.1007/s11199-009-9696-3](https://doi.org/10.1007/s11199-009-9696-3)
- Williams D. R., Priest N., & Anderson N. (2016) Understanding Associations between Race, Socioeconomic Status and Health: Patterns and Prospects. *Health Psychology*, no 35 (4), pp. 407-11.
- World Values Survey Wave 6–7: 2010 – 2020. (n.d.). World Values Survey. URL: <http://www.worldvaluessurvey.org/WV-SONline.jsp> (accessed Feb. 10th, 2023)
- Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan (2012) Ob utverzhdenii Pravil peredachi detej, javljajushhihsja grazhdanami Respubliki Kazahstan, na usynovlenie [On approval of the Rules for the transfer of children who are citizens of the Republic of Kazakhstan for adoption], no 380.